



ХАЛЫҚ ТАРИХЫНЫҢ ҚОҒАМДЫ БІРІКТІРУШІ ӘЛЕУЕТІ

Серік НҰРМҰРАТОВ

*ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және
дінтану институты директорының орынбасары, ф.ғ.д.,
профессор, Алматы қ.*

Қазақстан Республикасының Президенті өзінің халыққа Жолдауында («Қазақстан-2050» Стратегиясында) «Біз мемлекеттілігіміздің рухани мәселелер экономикалық, материалдық мәселелерден ешбір кем бағаланбайтын даму кезеңіне келіп отырмыз» деп атап көрсетеді. Қазіргі тарихи кезеңде еліміздің саяси және мәдени біртұтастығына және оның пәрменді дамуын қамтамасыз ететін болашағына қызмет ететін рухани негіздерді анықтаудың маңыздылығы мен өзектілігі арта түсуде. Өз елінің, өз жерінің тарихи кезеңдерін байыптылықпен зерделеуден өткізудің өзі тек есейген тарихи қауымдастыққа тән құбылыс. Демек, Қазақстан халқы өзінің даму эволюциясында бір сындарлы кезеңге жеткенін байқаймыз.

Тарих қоғамды біріктіретін, біртұтастандыратын сипатта өрбігені абзал. Ол үшін ұлттық рухтың орнықтылығы, нұр шашатындай құдіреті болуы керек. Әсіресе, осы орайда ұлттық тарихымызды еліміздің қазіргі кезеңі мен болашағына жасампаз, үйлесімді сипатта қызмет ететін нұсқада зерделеулерді қалыптастыру өзекті бола түсуде. Өйткені, тарихты әрқилы формада, ғылыми тұрғыда үстірт кейіпте жазу және онымен тек кәсіби тарихшылар ғана емес оған қатысы тікелей емес саланың мамандарының араласуы сияқты мәселелер қоғамымызда тәуелсіздіктің бастапқы жылдары біршама теориялық және деректемелік қиындықтар туғыза бастағанын айта кету керек. Оның да бір негіздері болды. Тарихтың ақтандарын жоюға атсалысқан азаматтардың бір-ыңғай теріс бағалаулар берген жөн емес шығар. Сондықтан, бұл бағыттағы іс-шараларды белгілі бір ғылыми жүйеге келтіретін уақыт келді. Халқымызға, әсіресе жастарға шыншыл негіздегі халқымыздың тарихынан оқулықтар қажет.

Жоғарыда аталған дәйектемелерге сәйкес Қазақстан Республикасының ұлттық тарихын зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобы құрылды.

Оның құрамына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің ұйымдастыруымен көптеген отандық тарихшылар, социологтар, саясаттанушылар, мәдениеттанушылар, философтар және басқа да саланың мамандары енді. Әртүрлі саланың мамандары бір діттеген мақсатқа сабырмен, кәсіби біліктілікпен және ғылыми объективтілікпен жетуі тиіс. Саяси идеология мен ғылыми нақтылықтың түйісетін жеріндегі шынайылықпен шыншылдық маңызы арта түсуде. Тарихты жазу мен ғылыми зерделеу жекелеген азаматтардың мүддесі үшін емес жалпы қоғамның игілігіне алынуы шарт. Сонда ғана қоғам болып көтерген қомақты жүктің ауырлығы болмайды, халық тарихы өзінің шынайы келбетін таныта алады және өзінің қоғамды біріктіруші әлеуетін практика саласында шын мәнінде жүзеге асырады.

Жалпы тарихты баяндаудың жаңа теориясы мен ғылыми методологиясы анықталып, бұрынғы стильдегі ғылыми түсініктер қайта қаралуда. Егер Кеңестік дәуірде гуманитарлық теорияда тарихты формациялық кезеңдерге бөлу басымдық танытса, кейін зерттеулерде өркениеттік эволюцияны алға шығару ғылыми кеңістікте орын алды. Ал, енді қазіргі кезеңде бұл екі бағыттың да өз ерекшеліктерін ескерген синтезделген жаңа ұстаным – әдіснама беки түсуде. Бұл тарихи теорияның негізі – әрбір ұлттық мәдениеттің тарихын барынша нақты ғылыми тұрғыда әлемдік тарихтың аясында көрсете білу, тарихтағы тұлғалық кемелденудің барлық тетіктерін айқындау болып табылады. Сондықтан адам руханиятының маңыздылығы алғаш рет нағыз өзінің биігіне көтерілмекші.

Әрине, бұрын жазылған тарих бойынша оқулықтар мен ғылыми еңбектердің мазмұны мен мәтіндері ескерілуі тиіс. Дегенмен, мамандардың назарынан тыс қалған дүниелер де аз емес. Оларды барынша топтастыру маңызды мәселе. Міне осыған орай тарихшыларға шетел қорларында анықталмай келген ұлттық жәдігерлерімізді елімізге жеткізу және оларды жаңа оқулықтарда қолдану мақсаты алдымызға қойылып отыр.

Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен 2004–2011 жылдары жүзеге асырылған «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы ауқымында жинақталған халқымыздың рухани және мәдени мұрасы осы жаңадан жазылатын тарих бойынша оқулықтарға үлкен көмегін тигізеді деген ойдамыз. Себебі, бұл бағдарламаның ауқымында бұрын белгілі болған мәдени жәдігерлермен қатар жаңадан қосылған мәдени мұралар бар екені белгілі. Мәселен, соңғы жылдары алғашқы рет қазақ тіліне аударылған әл-Фарабидің «Теология», «Аналитика кітабы» еңбектері» Әбу Насыр әл-Фарабидің рухани мұрасына арналған 10 томдық шығармалар жинағына енді. (3 т. Логика. 133-162 бб.). Осы еңбек туралы төмендегідей мақала да жарық көрді: Книга по аналитике // Аль-Фараби. №1(17), 2007. С. 3-14; №2(18), 2007. С. 75-87; №3(19), 2007. С. 3-14.

Кіші силлогизм немесе силлогизм мәселері туралы қысқаша түсініктеме кітабы, яки қалам өкілдерінің түсінігіндегі логика туралы қысқаша түсінік кітабы» деп аталатын ғұламаның шығармасы жоғарыдағы бағдарлама аясында жарық көрген. Әбу Насыр әл-Фарабидің 10 томдық шығармалар жинағына

еніп отыр (3 т. Логика. 113-132 бб.).

Қазақ халқының тарихын ғылыми тұрғыда объективті сипатта баяндау еліміздегі жалпы халықтық бірлікке, жаңа қазақстандық патриотизмге, ұлтаралық келісімге қызмет ететіні анық. Сондықтан оның әрбір тұжырымы барынша електен өткізіліп, еліміздің ішкі этноәлеуметтік бірлігін, біртұтастығын нығайтатына сенуге болады.

Жалпы сапалы оқулықтың қалыптасуы еліміздің ұлттық интеллигенциясының деңгейін жаңа өркениеттік сатыға көтеріп, көптеген даулы мәселелерге жауаптар беретініне үміттенеміз. Тарих жалпы халық үшін ортақ дүние. Сондықтан, оның биік ғылыми деңгейде жазылуына, насихатталуына еліміздің әрбір саналы азаматы өз үлесін қосуға тиіс деген ойдамыз. Сонда ғана мамандарымыз нағыз ұзақ мерзімге қолдануға жарайтын, жастарымызды жаңа түсініктерге баулитын рухани дүниені ғылыми кеңістікке ұсына алады.

Ғылыми зерттеулер халқымыздың сан ғасырлық тарихындағы тарихи жәдігерлер мен даналық тағылымдарының терең мәнімен оқырманды тікелей сұхбаттастыруға шақыратыны анық. Жалпы этностың тарихын, оның дүниетанымы мен руханилығын тарихи және философиялық мағынада сипаттау жан-жақты дербес салаларды байланыстыруды қажет етеді. Себебі, тарихи зерделеу мен руханият мәселесі аксиологиялық, антропологиялық, этикалық, эстетикалық, діни, этномәдени ұстанымдарды ғылыми тұрғыдан саралауды қажет етеді. Бұл мәселе әртүрлі гуманитарлық ғылымдардың өзіндік сұраныстарына сәйкес тұрғылардан алғанда маңызды.

Жалпы әлеуметтік және рухани мүдделердің қисыны мен құрылымы кез келген этнос үшін тарихи процестің пәрменді ағымынан туындайтын заңды дүниелер болып келеді. Сондықтан, белгілі бір әлеуметтік, саяси және мәдени кеңістікте қалыптасқан және өрбіген ұлттық рухани қазынаның қордалануы кездейсоқ құбылыс емес деген жөн. Тарихта қандай құбылыс орын алса да оның түбегейлі себептері бар. Өкінішке орай кейбір мамандар көптеген тарихи оқиғалардың бір жақ қырын көріп, үстірт пайымдаулар жасайды.

Тарихи үрдістің логикасы рухани ерекше дүние ретінде өзіндік тарихи болмыстың терең қатпарларында шындалып, тарихи процесс пен тарихи сана үшін қажетті құбылыс сипатында пайда болады. Сонымен қатар, ол бірте-бірте қоғамдық құрылымдардың өзіндік пәрменді дамуына қажетті қозғаушы күшке айналады және сан қырлы саланы қамти түседі. Ал, енді осындай өзіндік терең мағынадағы себеп-салдарлық заңдылыққа бағынбаған өтпелі құндылықтық негіздерге сүйенетін кездейсоқ сипаттағы әлеуметтік құбылыстар



жалаң саясаттың жетегінде кетеді және олар нағыз халықтық мағынадағы рухани дүние деңгейіне көтеріле алмайды. Сондықтан шынайы тарихты зерделеу, руханилықты қалыптастыру мен оны дамыту кез келген этноәлеуметтік кеңістік үшін үнемі инвариантты, яғни тұрақты сипатта өте маңызды және көкейкесті мәселеге айналады.

Адамзаттың өркениеттік кеңістігінде өмір сүріп жатқан әлемдегі барлық халықтар, әртүрлі қауымдастықтар өз рухани мәдениеті мен әлеуметтік болмысының үнемі өркендеп, дамып, кемелденіп, өскенін қалайды. Осы талпыныстардың, мүдделіліктің арқасында әр қилы өркениеттер қалыптасып, олар жүйелі, ұйымдасқан әлеуметтік құрылымдар түрінде тарихи үдерісте көрініс беріп отырды. Олардың сан алуан кейіпте, әр қилы сипатта танылуы заңды құбылыс. Дегенмен өзінің тарихи қалыптасқан рухани құндылықтары мен руханият әлемін қадірлемеген қауымдастық басқа халықтар алдында сыйлы болуға лайықты емес және олар өркениеттік тұрғыдан алғанда пәрменді даму жолына түсе алмайды.

Осындай әлеуметтік кеңістіктер көбінесе барынша маргиналданған, рухани мәңгірттенген әлеуметтік-этникалық топтар болып қана өмір сүре алады. Өкінішке орай қазіргі замандағы объективті түрде көрініс беріп отырған жаһандану үрдістері осындай нигилистенген, тұтыну мүддесін ғана алға шығарған барынша бұқараланған мәдениеттің қалыптасуына ықпал жасауда, жаңа тарихи кезең адамдарды ақпараттық деңгейде бір-біріне жақындатқанмен, жаңа заманның пенделерін психологиялық оқшаулануға, бір-бірінен барынша қашықтауға итермелейді. Бұл жаһанданудың парадоксы. Сондықтан еліміздегі барлық азаматтардың қазіргі таңдағы руханилық дүниесінің сапасы, оның даму бағыты мен болашағы жөніндегі мәселе гуманитарлық саланың мамандары мен жастарға тәлім беру ортасы үшін үнемі өзекті болып қала бермек.

Сөйтіп, тарихи сана мен оң мағынадағы рухани үрдістер қоғамдық санадағы адами және әлеуметтік прогресті, өзіндік эволюциялық даму мен алға жылжуды қамтамасыз етуші рухани күш. Ол халықтың бұқаралық санасында белгілі бір орын алып қана қоймай, сонымен қатар мемлекеттік деңгейде руханилық, рухани даму белгілі бір саяси платформа мен әлеуметтік бағдарланған концептуалды үлгінің іргетасына айналғанда қоғамның интеллектуалды сипатта сапалы деңгейге көтерілгені байқалады. Осындай деңгейдегі шынайы руханилықтың жүйеленуі, әлеуметтік кеңістікте өзектенуі қазіргі замандағы мемлекеттік идеологияның гуманистік мағынада өрбуіне, оның жасампаз әлеуетін айқындауға барынша негіз болар еді.

Жалпы тарих сахнасындағы, құндылықтар әлеміндегі өзара мәдени әрекеттесуге, сұхбатқа, ықпалдасуға түспеген тарихи тәжірибені, өзіндік әлеуметтік деректі таза күйінде кездестіре қою тарихта сирек кездеседі. Ал, керісінше, әдеттегі тарихи тәжірибеде руханилықтың дамуының жеткілікті деңгейі болмағандықтан болған үлкен зұлматты, күйзелісті, зардапты жағдайларға көптеген мысалдарды келтіруге болады. Мәселен, тоталитарлық сипаттағы мемлекеттерде руханият өзінің шынайы табиғи-тарихи қызметінің түрін өзгертіп, барынша жалаң саясаттанған, прагматикалық, тіптен, материалдық

игілікті ғана өзектендірген пайдакүнемдік кейіпте көрініс береді. Сөйтіп, тарихи үдеріс құбылысының халықтың тағдыры үшін маңызы мен мазмұны сондай ерекше болғанымен оның құрылымы мен сипаты теріс, алдампаз ұстанымдармен көмкерілсе, онда қоғамдық үрдісті әртүрлі сағымдық, жаңсақ жолдарға түсіріп жіберетіндей рухани және әлеуметтік күштер басымдық таныта бастайды.

Жалпы алғанда руханияттың өрбуі мен дамуының өзіндік тарихи күрделілігі мен маңыздылығы да осындай құбылыстардың өзара астасып кетуінен туындайды. Гуманитарлық ғылыми әдебиетте қазақтың тарихы мен руханиятын сипаттау көбінесе этномәдениеттік көшпелілікті дәріптеуге негізделген. Әрине, көшпенділіктің тарихтағы ролін кемсітуге болмайды, керісінше, әлемдік мәдени процестегі өзіндік бірегейлігі айшықталғаны абзал. Дегенмен, қарастырылатын проблеманың қайшылықты тұстары мен тұлғаның рухани дамуындағы әрқилы қасиеттерін анықтау ғылым үшін маңызды екені белгілі.

Жалпы, көшпенділіктің қоғамдық-экономикалық құрылым ретінде формациялық үлгіге сыйыспауы және далалық этникалық менталитеттің өзіндік ерекшелігі әлі күнге дейін жете игеріле қоймағаны шындық. Оның үстіне кеңестік дәуірде этникалық руханилықтың тарихи қайнар көздері жалпы дәстүрдегі ескіліктің белгісі деп түсіндіріліп келді. Мұндай әдістемелік негіздер мен идеологиялық шектеулер зерттеулерді жалған бағытқа бұрып, оның төлдік сипаттағы ұлттық болмыстан арасын ажыратып жіберді. Міне, сондықтан халықтық тарихқа қайта оралуымыздың бір себебі осында деген ойдамыз.

Халықтың рухани құндылықтарының бәсекеге қабілеттілігі немен өлшенеді, руханиятқа негіз болатын тарихи іргетастарды қайдан іздейміз? деген сауалдар да туындайды. Әрбір мәдениет үнемі өзіне рухани іргетас болатын құрылымдарды, жәдігерлерді іздейді, соны орнықтыруға тырысады. Әлемдегі басқа ұлттар мен ұлыстар сияқты қазақ халқының көп ғасырлық тарихында даналықтың озық үлгісі боларлық әлемді танып-білудің, зерделеудің өзіндік сипаттамалары, түркілік ерекшеліктерді танытатын философиялық ойлар мен тұжырымдар жеткілікті болғаны белгілі.

Мәселе сол рухани інжу-маржанның қадірін біліп, қаймағын бұзбай қазіргі жаһандану заманында жүйелі түрде жинақтап алуда және оны әрбір жаңадан келетін жас ұрпаққа рухани сабақтастықпен жүйелі түрде бере білуде болып отыр. Осы жауапты істі абыроймен жүзеге асырған жағдайда ғана еліміздің Еуразиялық кеңістіктегі өзіндік ерекшелігі бар халық ретіндегі мәртебесі өседі, басқа халықтар алдындағы құрметімізді асқақтата түседі. Өйткені, өзінің тарихта қордалаған маңызды рухани құндылықтарын құрметтеген, аялаған, өрбіткен ел ғана және оған жаңа заманда өзіндік жаңғырту бедерлерін, келбетін бере білген халық қана адамзаттың өркениеттік майданында шынайы және лайықты бағалануларға ие болатыны сөзсіз.

Қазақ халқының тарихын және оның мәдениетін, философиялық және әлеуметтік ойын зерттеуші ғалымдар осындай ерекшеліктерді ескеріп, ұлттық әдебиетті ұлттық философияның өмір сүру нұсқасы ретінде түсінгені абзал. Ал енді көркем әдебиет туындыларын салыстырмалы талдау әдісін қолдана

отырып зерделегені, жеке тұлғалардың поэтикалық мұрасындағы философиялық мазмұнды ашып көрсету үшін оны тарихи және философиялық ойлау құралдары көмегімен қайта саралағаны дұрыс болар еді. Енді, міне қазіргі уақытта жаңа заманның тарихи кезеңі келді, рухани дүние де демократиялана бастады, яғни ойлау еркіндігінің, ғылыми ізденістердің ұстанымдары қоғамдық санада беки түсуде.

Қазақ халқының және басқа да халықтардың тарихтағы жетістіктері мен жеңістері, ой-тұжырымдары тарих доңғалығының астында жоғалып кетпей, олардың халықтық рухының терең тамырларында бойлай орналасқанын, өмір сүргенін дәйектеу парыз. Мәңгіге жабылған шығар, енді олар Ақиқат әлемінен орын теппес деген тарихтың «ақтаңдақтары» бірте-бірте ғылыми кеңістікте мамандар үшін ізденістер ауқымы, нысаны ретінде күн санап ашылу үстінде. Бұл да тәуелсіз алып келген қуанышты белгі, заман құндылығы. Сол рухани күштердің, тарихи деректердің еркіндікке шығу кереметін, яғни басқаша айтқанда халық рухының шабыттық асқақтауын қазіргі заманда өз көзімізбен көріп, оның куәсі болып отырмыз. Бұл құбылыстар шын мәнінде қазіргі тарихи кезеңнің дәуірлік, шынайы тарихи сипаттамасы болып табылады, ол сонымен қатар жаңаша рухани этникалық жаңғыруымыздың, өркендеуіміздің бастамасы болары анық.